

**Тасқала аудандық мәслихатының 2016 жылғы 18 шілдедегі №4-3 "Тасқала аудандық мәслихатының 2013 жылғы 14 қарашадағы № 16-2 "Тасқала ауданында аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің және тәртібін айқындау Қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 2016 жылғы 4 қазандағы № 7-3 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 17 қазанда № 4582 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 2021 жылғы 24 маусымдағы № 9-5 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 24.06.2021 № 9-5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес Тасқала аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Тасқала аудандық мәслихатының 2016 жылғы 18 шілдедегі №4-3 "Тасқала аудандық мәслихатының 2013 жылғы 14 қарашадағы №16-2 "Тасқала ауданында аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің және тәртібін айқындау Қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4504 болып тіркелген, 2016 жылы 12 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген шешімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тасқала аудандық мәслихатының 2013 жылғы 14 қарашадағы №16-2 "Тасқала ауданында аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау Қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы";

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тасқала аудандық мәслихатының 2013 жылғы 14 қарашадағы №16-2 "Тасқала ауданында аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй

көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау қағидасын бекіту туралы" ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3364 болып тіркелген, 2013 жылы 20 желтоқсанда "Екпін" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:";  
төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"7) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалы – "Халыққа қызмет көрсету орталығы" департаментінің Тасқала аудандық бөлімі (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);".

2. Тасқала аудандық мәслихаты аппаратының басшысы (Т.Ержігітова) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*Д.Ғазез*

*С.Рахимов*